

Мыңбаев селолық округіне қарасты жаңа құрылыс жерлеріне жаңадан көше атауларын беру туралы

Алматы облысы Жамбыл ауданы Мыңбаев селолық округінің әкімінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі N 9-81 шешімі. Алматы облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 қыркүйекте N 2-7-108 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес, Жамбыл аудандық ономастика кеңесінің келісімін, халықтың пікірін ескере отырып, Мыңбаев селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысы Жамбыл ауданы Мыңбаев селолық округіне қарасты Мыңбаев ауылындағы жаңа құрылыс жерлерінде келесідей жаңадан: «Көкбастау, Суықтөбе, Майтөбе, Басбатыр, Ақсу, Көксу, Қарасу» деп көшелерге атау берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

округінің әкімі

А. Жолтаев

Мыңбаев селолық